

# 2025 жылғы Қазақстан Республикасы халқының туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы

Жариялау күні: 27.03.2026  
Келесі жариялау күні: 29.03.2027

1. Негізгі түйінді тұстары
2. Динамикалық кестелер
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Пайдалы сілтемелер


## 1. Негізгі түйінді тұстары

Қазақстан Республикасы халқының туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы – 75,97 жас;  
ерлер – 72,19 жас;  
әйелдер – 79,80 жас;  
қала халқы – 76,63 жас;  
ауыл халқы – 74,81 жас.

### Электрондық кесте:

[Күтілетін өмір сүру ұзақтығы 2025 жыл](#)


Туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы



Ең жоғары туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы Алматы қаласында тіркелді – 78,83 жас, ал ең төмені - Ұлытау облысында - 73,56 жас.

## 2. Динамикалық кестелер

[Күтілетін өмір сүру ұзақтығы](#)



## 3. Глоссарий

Туған кездегі өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы - осы ұрпақтың бүкіл өмір сүру ұзақтығында әр жастағы өлім-жітім деңгейі көрсеткіш есептелген жылдардағыдай қалған жағдайда, туғандар ұрпағынан орташа есеппен бір адамның өмір сүруіне болатын жылдар саны болып табылады.

Өлім-жітім - бұл халықтың әртүрлі жастарында орын алған көптеген жекелеген өлімнен тұратын ұрпақтың жойылу процесі.

#### 4. Әдістемелік түсініктемелер

Өлім-жітім кестесінің көрсеткіштері жасы бойынша және тіркелген бастапқы санымен кейбір теориялық ұрпақтың өлім-жітімнің әсерінен жасына қарай азаю процесін сипаттау сияқты ұйымдастырылған және өзара байланысты бірқатар сандар жүйесін білдіреді. Өлім-жітімнің кестесі «Өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы» көрсеткішін бағалау үшін құрылады.

Өлім-жітім кестелерін есептеу үшін бастапқы статистикалық деректер ретінде осы күнтізбелік жыл ішіндегі осы жаста қайтыс болғандар санының осы жастағы адамдардың орташа жылдық санына қатынасы ретінде есептелетін өлім-жітімнің коэффициенттері алынады.

Келесі  $rx$  жасқа дейінгі өмір сүру ықтималдығы – оның басталуына дейін өмір сүріп жатқандар санынан осы жас интервалының соңына дейін өмір сүріп жатқан адамдар үлесін білдіреді.

$X$  жасына жеткен өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы қазіргі өлім-жітімнің әрбір келесі жасын сақтаған кезде осы жасқа жеткендерге алда өмір сүруі қажет жас санын білдіреді.

#### 5. Пайдалы сілтемелер

[Өлім-жітім көрсеткіштерін есептеу әдістемесі](#)

[Туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы, Сапа туралы есеп.](#)

[Туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы, «Талдау» Ақпараттық-талдау жүйесі](#)

<b>Шығаруға жауапты:</b> Халық статистикасы департаменті	<b>Департамент директоры:</b> Н. Ханжигитов Тел. +7 7172 749061	<b>Орындаушы:</b> К. Рысбаев Тел. +7 7172 749343 E-mail: k.rysbaev@aspire.gov.kz	<b>Мекенжай:</b> 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
--	---	---	---